



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2019 ж. Мамыр айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция жеделдетілді, алайда нысаналы дәліз шегінде қалуда (5,3%)
- Шикі мұнай өндіру көлемінің қысқаруына байланысты тау-кен өнеркәсібінің өсуі баяулады
- Құрылыс, ауыл шаруашылығы, сауда және көлік экономиканың өсуіне оң үлес қосты
- Инвестициялар жеделдеуді жалғастырды

I. ИНФЛЯЦИЯ

2019 жылдың мамыр айының соңында айлық инфляция 0,6% құрады.

Азық-түлік тауарларының бағасы өткен аймен салыстырғанда 0,9%-ға өсті. Мамыр айында ет және ет өнімдері бағасының өсуі (1,5%-ға) байқалды, дәнді дақылдардың қымбаттауына байланысты нан өнімдері мен жармаларға (1,0%-ға) бағаның өсуі жалғасты. Бұдан басқа, жеміс-жидек пен көкөніс бағалары шектеулі ұсынысқа байланысты (1,1%-ға) өсті.

Азық-түлік емес тауарларының бағасы өткен аймен салыстырғанда 0,5%-ға өсті. Мамыр айында киім, тұрмыстық заттар, құрылыс материалдары, автомобильдер бағасының өсуі байқалды. Сонымен бірге, бензин бағасының арзандауы және дизель отын бағасының бірқалыпты көтерілуі молыққан нарық аясында, содан басқа, 2019 жылғы наурыз-мамыр айларында Ресейден бензин импортына уақытша тыйым салу және 2019 жылдың сәуір айынан бастап дизель отынын 6 ай мерзімге дейін экспорттауға тыйым салуға байланысты болды.

2019 жылдың мамыр айында халыққа **ақылы қызметтер** бағалары мен тарифтері 0,2%-ға өсті. Бағалардың өсуі амбулаторлық және аурухана қызметтері, шаштараз және қоғамдық тамақтандыру қызметтері үшін байқалды. Сонымен қатар, темір жол көлігі қызметтеріне тарифтер төмендеді. Тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифтері, ыстық судың төмендеуін қоспағанда (0,6%), өзгеріссіз қалды.


Азық-түлік тауарларының бағасының өсуі (7,9%) нәтижесінде 2019 жылдың мамыр айында **жылдық инфляция** 5,3%-ға дейін өсті. Азық-түлік емес тауарлар жыл ішінде 6,1%-ға, ақылы қызметтер - 1,3%-ға қымбаттады.

Халықтың инфляциялық күтулері. Халықтың бір жылдан кейін күтілетін инфляцияға қатысты жауаптарының сандық нәтижелері мамыр айында 4,7% құрады.


Нақты сектордағы кәсіпорындардың сауалнамасының нәтижелері 2019 жылдың екінші тоқсанында бағаның өсуін жеделдетуді күтетін кәсіпорындардың үлесінің төмендеуін көрсетеді.

Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес, 2019 жылы жылдық инфляция 4-6% мақсатты дәлізде болады.


1-график. Тұтыну бағалары индексі, ж/ж



2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %





II. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2019 жылдың қаңтар-мамырында айларында **қысқа мерзімді экономикалық индикатор** 3,7%-і.

Қашаған кенінде жүргізілетін жоспарлы жөндеу жұмыстарының себебінен шикі мұнай өндіру көлемі қысқарып, экономиканың одан әрі бәсеңдеуіне себеп болды. Сонымен қатар, темір рудасы өндірісінің төмендеуі, сондай-ақ көлік пен бөлшек саудадағы әлсіз көрсеткіштер тежеуші әсер етті. Металлургия өнеркәсібін қалпына келтіру және тамақ өнімдері мен машина жасау өндірісінің өсуі аясында өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, құрылыс және байланыс қызметтері экономиканың өсуіне қолдау көрсетті.


Инвестициялардың оң серпіні мен еңбек нарығының оң көсеткіштері экономиканың өсуіне қолдау көрсетіп отыр.



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.

5-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Есепті кезеңде ел аймақтары бөлінісінде **қысқа мерзімді экономикалық индикатордың (ҚЭИ)** барынша өсуі **Шымкент қаласында** тіркелген. Көрсеткіштің өсуі көбінесе өнеркәсіп өндірісінің, әсіресе отын-энергетикалық тауарлардың (бензин, керосин, мазут, дизель отыны), сауданың, байланыстың ұлғаюына байланысты.

ҚЭИ төмендеуі **Қызылорда, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Павлодар облыстарында** тіркелген, бұл шикі мұнай, газ конденсаты және мыс концентраттары өндірісінің азаюы есебінен өнеркәсіптік сектордағы өндіріс көлемінің төмендеуінің көрінісі болды.



III. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2019 жылғы қаңтар-мамырда **өнеркәсіп өнімінің көлемі** 2,0% - ға өсті. Өндіріс көлемінің өсуі 11 өңірде байқалды.

Екінші ай қатарынан **тау-кен өнеркәсібі** баяулайды, 2019 жылдың қаңтар-мамыр айларында өсім 0,7% құрады. Саланың баяулауы мұнай (3,2% - ға), темір рудасы (2,0% - ға), табиғи газ (1,3% - ға), көмір және лигнит (3,9% - ға) өндірудің төмендеуімен байланысты. Саланың өсуіне түсті металл кендерін өндіру үлес қосты (15,7% - ға өсті). Өңірлер бойынша саланың төмендеуі Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау және Павлодар облыстарында байқалды.

2019 жылғы қаңтар-мамырда **өңдеу өнеркәсібі** ұлғайып, өсім 3,6% құрады. Өсім тамақ өнімдерін (1,2% - ға), сусындарды (18,9% - ға), кок пен мұнай өңдеу өнімдерін (8,0% - ға) өндіру көлемінің артуымен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, оң динамикасы машина жасауда (16,0% - ға өсті) және жеңіл өнеркәсіпте (23,0% - ға өсті) байқалды. Металлургия өнеркәсібі төрт айлық төмендеуден кейін қалпына келе бастады, бұл да оң әсер етті.

Есепті кезең ішінде **көліктің барлық түрлерінің жүк айналымы** 1,8% - ға өсті. Белгіленген өсім темір жол (өсім 0,4% - ға), автомобиль (9,3% - ға) және әуе көлік түрлерінің (өсім 81,3% - ға) жүк айналымының артуымен сүйемелденді. Мұнай өндірудің төмендеуіне байланысты құбыр көлігі жүк айналымының төмендеуі байқалды (2,3% - ға төмендеу).


Құрылыс 2019 жылдың қаңтар-мамыр айларында 8,8% - ға өсті. Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі Маңғыстау облысы мен Нұр-сұлтан қаласынан басқа барлық өңірлерде байқалды. Өңірлер арасында Атырау облысы құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша көшбасшы болып қалуда (үлесі 24,1%). Бұрынғысынша құрылыс жұмыстарының басым бөлігін құрылыс-монтаж жұмыстары құрайды (86,4%). Салынып жатқан объектілердің түрлері бойынша ең көп жұмыс көлемі мұнай құрылғыларының (үлесі - 21,0%), өнеркәсіптік ғимараттардың (үлесі 16,2%) және тұрғын үйлердің (үлесі 14,5%) құрылысы бойынша орындалады.

Ауыл шаруашылығы мал шаруашылығында (3,6% - ға өсті) және өсімдік шаруашылығында (8,1% - ға өсті) өндіріс көлемінің өсуі аясында жыл басынан бері 3,7% - ға өсті.

2019 жылдың қаңтар-мамыр айларында нақты ақшалай табыстардың өсуіне байланысты **бөлшек сауда** 5,0% - ға өсті. **Көтерме сауда** әлемдік тауар нарықтарында құбылмалылықтың күшеюіне қарамастан, өсімді жалғастырып, 8,0% - ға өсті.

2019 жылғы қаңтар-сәуірде **байланыс қызметтері** 1,2% өсті. Саланың негізгі драйвері Интернет қызметтері болып қалуда (11,7% - ға өсті).

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



IV. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Экономикалық субъектілердің инвестициялық белсенділігі оң динамикамен сипатталады. 2019 жылғы қаңтар-мамырда негізгі капиталға салынған инвестициялар 3,9 млрд.теңгені құрады. 2018 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда өсім 7,8% құрады (8-кесте).

Өткен жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда тау-кен өнеркәсібінде (29,9% - ға), ауыл шаруашылығында (52,2% - ға), құрылыста (49,0% - ға) инвестициялар артты. Инвестициялар өңдеу өнеркәсібіне (39,5% - ға), саудаға (3,8% - ға), көлікке (35,2% - ға), сондай-ақ жылжымайтын мүлік операцияларына (0,1% - ға) төмендеді.

Инвестициялардың жалпы көлемінде ең үлкен үлесі тау-кен өнеркәсібіне (54,6%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (12,7%), көлікке (7,3%), өңдеу өнеркәсібіне (6,6%) және ауыл шаруашылығына (3,2%) бағытталады.

Шығындар түрлері бойынша қаражаттың ең көп бөлігі (үлесі 43,2%) ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге бағытталады. Бұл ретте жабдықтар мен машиналарды сатып алуға – 31,0%, ал басқа шығындарға – 25,7%.

Өңірлер бөлінісінде инвестициялардың едәуір бөлігі Атырау облысына жіберіледі (үлесі 44,1%). Республикалық маңызы бар қалаларында инвестицияларының үлесі 13,1% құрайды. Инвестициялардың ең төмен көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан облысында және Шымкент қаласында сақталады (үлесі 1,6%-дан).

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың шамамен 36,7% - ы шыкізаттық емес секторға (мемлекеттік бюджеттен инвестицияны қоспағанда) бағытталды.


Инвестициялардың жалпы көлеміндегі ішкі инвестициялар үлесі 64,2%, сыртқы инвестициялар – 35,8% құрады.

Инвестициялардың басты көзі бұрынғысынша кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қалуда (9-кесте).

Анықтама: 2019 жылғы 2 тоқсанда Ұлттық банк жүргізген экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы қаражатының жетіспеушілігін, басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестікті, өнімге сұраныстың жеткіліксіздігі мен пайданың жеткіліксіздігін атап өтті (10-кесте).


жауаптар %-бен

8-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша

6-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

7-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар



ҰЭМ СК деректері бойынша



VI. Сыртқы сауда айналымы

2019 жылдың қаңтар-сәуір айларында сыртқы сауда айналымы 0,1% -ға төмендеді, оның ішінде экспорт 1,2% -ға азайып, ал импорт 2,0%-ға өсті. Экспорт құрылымында экспорттың 70% -нан астамын құрайтын минералды өнімдер экспортының 2,8%-ға төмендеуі байқалды (соның ішінде отын-энергетикалық өнімдерге). Сонымен қатар отын-энергетикалық өнімдер экспорты Оңтүстік Кореяға, Қытайға және Швейцарияға елдеріне жеделдету есебінен мұнай экспортты қалпына келді (нақты көрсеткіште экспорт 2% ұлғайды). Бұл елдерге экспорттың жеделдеуі Нидерланды, Франция мен Италия едері тарапынан болған төмен сұраныстың орнын толтырды (тиісінше 56,2% -ға, 5,3% және 12,9% -ға төмендеді). Бұдан басқа, былғары шикізаты (43,5%), аяқ киімнің, бас киімнің және сүйкімді тауарлардың (36,6%), металдар мен олардан жасалған бұйымдардың (11%) экспортының төмендеуі байқалды. Басқа барлық тауар топтары бойынша экспорттың өсуі байқалды.

ЕО елдері (үлесі 43,4%), Қытай (үлесі 14,4%), ТМД елдері (үлесі 17,3%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 10,1%.

Импорт құрылымында тек минералды ресурстардың 33%-ға төмендеуі байқалды, ал басқа барлық тауар топтары бойынша өсім байқалды. Импорт құрылымның айтарлықтай өсім былғары және галантереялық тауарлар (78,5% -ға), шикізат пен былғары (38,3%), тоқыма (32,7%), құрылыс материалдары (8,4%), металдар (7,4%-ға) химия өнімдері (6,5%), ағаш және целлюлоза-қағаз өнімдері (4,7%), машиналар мен жабдықтар (3,2%) және жануарлар мен өсімдік өнімдері (0,2%) бойынша байқалды.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 41,9%), ЕО елдеріне (үлесі 17,8%) және Қытайға (үлесі 16,3%) тиесілі.

График 9. Экспорт





График 10. Импорт



ҰЭМ СК деректері бойынша



VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2019 жылдың 1-ші тоқсанында 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,9%-ға өсіп 8732,6 мың адамды құрады (экономикалық белсенді халықтың 95%). 2019 жылдың сәуір айында жұмыспен қамтылған халық саны 8753,6 мың адамды құрады.

2019 жылдың бірінші тоқсанында экономика салалары бөлігінде (2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда) алғаш рет құрылыс саласының өсуі аясында құрылыста жұмыспен қамтылғандар санының өсуі 3,2% - ға белгіленді. Бұдан басқа, жұмыспен қамтылған халықтың өсімі көтерме және бөлшек саудада (2% - ға), көлік және қоймалауда (0,4% - ға), білім беруде (1,3% - ға), денсаулық сақтауда (1,0% - ға) байқалады. Жұмыспен қамтылғандардың қысқаруы жылжымайтын мүлікпен, ақпарат пен байланыста, кәсіби және ғылыми-техникалық қызметте тіркелген.


Жұмыспен қамтылғандардың ең көп саны саудада (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 16,0%), ауыл шаруашылығында (13,8%), білім беруде (12,6%), өнеркәсіпте (12,6%) жұмысқа орналастырылған.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Манғыстау облысында (15,8%-ға), Атырау облысында (6,1%-ға), Алматы (2,7%-ға), Шымкент (3,1%-ға) және Астана (3,9%-ға) қалаларында байқалды.

2019 жылдың сәуірінде жұмыссыздық деңгейі 4,8% құрады (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында ресми тіркелген жұмыссыздар саны 160,7 мың адамды құрады (жұмыс күшінен 1,8%).




ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

13-график. Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны бойынша жұмыспен қамтылған халық, %-дық үлесі



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

2019 жылдың бірінші тоқсанында бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз құрайтын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өткен тоқсандарға қарағанда төмендеуін жалғастырды. 2019 жылдың бірінші тоқсанында аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,2%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 20,8% сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2019 жылдың бірінші тоқсанында үлесі 71,4% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2019 жылдың мамыр айында Статистика комитетінің алдын-ала деректері бойынша бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 2018 жылдың сәуірімен салыстырғанда 8,3% -ға және нақты жалақы 2,8%-ға өсті.

Салалар бөлігінде 2019 жылдың бірінші тоқсанында тұру және тамақтану, өнер, ойын-сауық және демалыс жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ өзге де қызметтер түрлерін қоспағанда, барлық салалар бойынша нақты жалақының өсуі байқалды. Нақты жалақының едәуір өсуі ауыл шаруашылығында (10,9%-ға), кәсіби ғылыми-техникалық қызметте (10,7% -ға), ақпарат және байланыста (10,6% -ға), әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметте (10,3% -ға), білім беруде (9,6% -ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (9% -ға), денсаулық сақтауда (8,4% -ға), саудада (7,2% -ға) тіркелді.


Өңірлер бөлігінде 2019 жылдың бірінші тоқсанында атаулы жалақының ең жоғары мәні Атырау облысында (322,7 мың теңге), ең аз мәні – Түркістан облысында (109 мың теңге) тіркелді.

2018 жылы экономикадағы еңбек өнімділігі 3,4% -ға өсті. Салалар бөлінісінде ауыл шаруашылығында (10,5% -ға), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда (6,5% -ға), өнеркәсіпте (4,0% -ға), саудада (3,9% -ға) және құрылыста (2,4% -ға) едәуір өсім байқалды.


2018 жылдың қорытындысы бойынша сауда мен ауыл шаруашылығынан басқа экономиканың барлық негізгі салаларында нақты жалақының өсу қарқыны еңбек өнімділігінің артуынан озды.



ҰЭМ СК деректері бойынша



ҰЭМ СК деректері бойынша



ҰЭМ СК деректері бойынша